

«Гагарин атындағы орта мектеп» КММ

«Ұзын шаш – қыздың көркі»

(ғылыми-жоба)

Орындаған: Қасымбекова Аяулым 2 «а» сынып оқушысы
Жетекшісі: Тастенова Алия Бейбитжановна

Айыртау ауылы 2014 жыл

Ғылыми жобамыздың негізгі мақсаты:
Ұзын шаштың адам көркі екеніне көз жеткізу

Ғылыми жобаның зерттеу әдісі:

- Жинақтау, топтау;
- Салыстыру;
- Өзіндік ой топшылау



Ғылыми жобамыздың жаңашылдығы:
Қазіргі заманғы құрбыларымның шаш қою үлгілері мен шашқа тағатын әшекей бұйымдарды орынды пайдалануда өзіндік пікірімді айтпақпын. Ұлттық салт-дәстүрімізден ашақтамауға, құрметтеуге, жаңартуға шақырамын.

Ғылыми жұмыстың нәтижесі мен қорытындысы:

Бұл жұмыстың нәтижесінде ұзын шаштың әлі де сұлулық символы ретінде есептелетініне көз жеткіздім. Өз қатар құрбыларымның ұзын шаш өсіру жайлы ойлары белгілі болды.

Негізгі бөлім

2.Қыз бала тәрбиесі

Бұрынғы кезде ата-бабаларымыз қыз баланы қорғап, періштедей аялаған. Қыз баланы кішкентайынан әдепті, инабатты етіп тәрбиелеген. Дана халқымыз бойжеткендерін пәле-жаладан, жамандықтан аулақ ұстап, сақтандырған. Осының бәрі қыз баланың қасиетін биіктетіп, сұлулық бастауына көтерілуіне жол ашады. Ерте замандағы Қыз Жібек, Баян сұлу, т.б. қазақ қыздары ерекше сұлу болған. Себебі, олар өз сұлулықтарын сақтап, қос бұрымын бұландатып жүрген.





2.1. Шаштың сәндік әшекейлері

Шашбау – сәндік бұйым. Өрілген бұрымның ұшын бекітеді. Ол күміс тиын, маржан қадалған бауы бар күйінде кездеседі. Шашбауды күмістен қақтап жасайды, оған түрлі-түсті асыл тастарды орнатады, моншақ тізілген ұзын күміс шынжырлы бауы бар түрлері жиі тараған. Ол жасалған материалына байланысты алтын шашбау, күміс шашбау, тілла шашбау деп аталады. Халықтың ескі наным-сенімі бойынша, шашбау шаш арасындағы жын-шайтандарды қашырады.






Шолпы – күміс немесе алтын тиындар қадалған шашбау. Қазақтардың ежелгі наным-сенімі бойынша, бұрымдағы шолпы сыңғыры бойжеткенді қара ниетті күштерден қорғауға көмектеседі. Шолпыны қыздар мен жас келіншектер тағады.

Шолпының түрлері: үзбелі шолпы, көзді шолпы, қозалы шолпы, шынжырлы шолпы, қос үзбелі шолпы, маржанды шолпы, меруертті шолпы, ақықты шолпы, тағы сол сияқты. Жас қыздар үшін кішкене күміс қоңыраушаларды үзбелеп те шолпы жасайды. Оның сыңғырлаған үні әдемі жарасып тұрады. Қоңыраулы шолпы таққан қыз бала үй арасында жүргенде, жүгіргенде, күлгенде ол сыңғырлап дыбыс беріп, үйдегі үлкендер қалжыңын қойып, әдеп сақтаған, бойжеткен жұрт назарын өзіне аударғанына ұялып, жүгіріп, секіруін тиған..



Шаштеңге – күміс, алтын тиындарды тізбелеп жасаған шолпының бір түрі. Шаштеңгені қыздарға мезгілсіз жүрмеуі үшін тағып қояды. Өйткені, кешкілік оның сыңғыры қыз баланың әлі далада қыдырып жүргенін жан — жағындағыларға «хабарлап» тұрады.



2.2.Шашқа байланысты ырымдар:

*Қазақ халқында екі-қабат кезінде әйелдер шашын кеспейді. Олай жасаса, іштегі бала кемтар болып туады.

Бұрымды кеспе бойжеткен. *Халқымызда: «Бұрымыңды кескенің-ақылыңды кескенің», «Бұрымыңды кескенің-өмір жолыңды кескенің» деген ғибратты сөздер бар.

Ақ шашты әжелеріміздің айтуынша, бойжеткен кімге бұрымын кестірсе, соның тағдырын басында қайталап өткізеді. Егерде бұрымын кесе қалса, оны таза шүберекке орап, адам баласының табаны тимейтін жерге апарып көмуге тиісті. Өйткені, бұрым-бойжеткеннің ана құрсағынан өзімен бірге келе жатқан жолдасы, қарын-шашы.

Зерттеу бөлімі

3. Шаш – адам көркі

3.1. Шашым – менің мақтанышым

Мен шашымды өте кішкентай кезден бастап өсіріп келемін. Менің қарын шашым алынғаннан бері қиылған емес. Тек 1-2 айда шашымның ұшын ғана сәл қиып отырамын. Ол шаштың дұрыс бұзылмай өсуіне жақсы әсер береді.

Шашты қалай дұрыс жуу керек? Айыртау ауылының шаштаразшысы **Канапина Раушан** апай маған мынадай кеңес берді: Ең алдымен әрі-бері тарау керек, сол кезде шаш қатыруға арналған лактар мен гельдер түседі. Шаштың типіне байланысты сусабындарды дұрыс таңдай білу керек. Шашымды аптасына екі рет жуамын. Тек қана балаларға арналған сусабынмен жуынамын. Ол «Маленькая фея» деп аталады. Сол сусабын шашты ұйыстырмай тарауға көмектеседі. Шашты жуғаннан соң 3 есе артық сумен шаю керек. Жақсы шайылған шаш кепкеннен кейін жылтырап тұрады. Дұрыс шайылмаған шаштағы сусабын оның түрін бұзады. Шашымды жуып болған соң, бос жіберіп еркін кептіремін. Фен қолданбаймын, себебі ол шашты шамадан тыс кептіріп, шашқа зиянын тигізеді.

Күнде мектептен келген соң, шашымды бос жіберемін. Себебі шаш арасына ауа кіру керек. Шашымды әр түрлі бағытта тараймын. Сол кезде бастың қан айналымы жақсарады. Өзім де жақсы әсер аламын. Мен ағаштан жасалған тарақтарды пайдаланамын. Ұйықтар алдында шашымды тарап, бос өріп жатамын. Ұзын шаш өзіме өте ұнайды, себебі неше түрлі етіп өруге, жинап түюге, шашқа арналған әшекей – бұйымдарды тағуға болады.






**Айыртау ауылдық шаштаразшы Канапина
Раушан апайдың кеңесі**

Өзім жиі қолданатын шаш үлгілері



Мерекелік шаш
үлгісі



Күнделікті сабаққа өру



Әртүрлі әшекейлер арқылы
бөліп өру.


3.2.Сыныптас достар пікірі

Өз зерттеу жұмысымды сыныптастарыммен де бөліскім келді. Осы мақсатта ұстазым екеуіміз мектептегі 2,3,4-сыныпта оқитын ұл балалардан жабық анкета алдық. Ұл балалар жауаптарын сараптап мынандай кесте құрдық.

Сұрақ	Ер балалар саны											
	2а-10 ұл			3а-15 ұл			4а -11ұл			3-4 в-3 ұл		
Ұзын шашты қыздар ұнай ма?	и	жо	біл	иә	Жо	біл	иә	жоқ	білм	иә	жоқ	білм
	ә	қ	ме		қ	ме			еймі			еймі
			ймі			йм			н			н
	9	-	1	10	1	4	8	2	1	2	-	1



Ұзын шашты қыздар ұнай ма? иә




■ 2 а ■ 3 а ■ 3-4 в ■ 4 а

Яғни, ұзын шашты қыздарды біздің сыныптас ұлдар да ұнататыны белгілі болды.

Ұзын шашты қыздар ұнай ма?-деген сұрақты 2,3,4-сынып ұлдарынан сұрағанда: 2 «А»сынып -9 «иә», 3 «А»-10 «иә», 4 «А»-8 «иә», 3-4 «В» -2 «иә», барлығы: 39 ұл баланың 29-зы «иә»деп жауап берді. Ұзын шашты қыздарды барлық 39-ұлдың 3-уі ғана ұнатпайтынын жазған. Мектептегі қатарлас құрбы қыздар арасында ұзын шашты қыздарды санап, мынандай кесте құрдым:

Сынып	барлығы	Ұзын шашты қыздар	Қысқа шашты қыздар
2 «А»	9	8	1
3 «А»	7	7	-
4 «А»	10	7	3
3-4 «В»	1	1	-
барлығы	27	23	4

Ұзын шашты қыздар



Бұл кестеге сүйенсек, барлық 27 қыз баланың 23-інің шаштары ұзын екен. Шашы қысқа 4-қыздар да келешекте шаштарын өсіретінін айтты.

Қорытынды

Зерттеу жұмысымды қорытындай келе шаштың қыз балаға үстеме сұлулық пен нәзіктік беретініне көзім жетті.

- 1) Шашқа тағатын ұлттық әшекейлермен танысып, олардың жинағы жасалады.*
- 2) Халқымыздың шашқа байланысты туған ырымдарымен таныса отырып, өзімізге келешекте есте ұстайтын салт- дәстүр түрін жинадым.*
- 3) Шаш күтіміне байланысты өзімнің тәжірибеммен бөлістім*

Сыныптастарымның пікірлерін тыңдадым, өзіндік сараптама жасадым.




Қолданылған әдебиеттер тізімі:


1. С.Кенжеахметұлы «Жеті қазына» Алматы: «Ана тілі» ЖШС.2005ж.120 бет
2. Д.Қанатбаев «Бұрым» «Қазақ әдебиеті»газеті 29-маусым 2006жыл
3. Б.Әлімқұлов,Е.Әдіроманов «Әдеби этнографиялық таным» Алматы «Санат» 2009ж.180бет
4. Интернет желісі
5. «Домашний очақ» журналдары №9-10 (2010)



Қосымша

Қазіргі заманғы әшекейлері арқылы шаштын жинау үлгілері.





*Назарларыңызға
рахмет!*